

www.31001.it

Stile
Sauvignon

Айтобел

Айчуңа Кемелбаева

Жазушы, «Дарын» сыйлығының иегері

ПАТШАЙЫМ



Актер - адам, актер - тұлға. Актерді тұлға жасайтын - еңбекі. Дарын сарқылмайтын дария емес. Оны үнемі өнерпаздық өре де-ген өзенмен толтырып отыру ләзім. Сағасы сарқылmas үшін көп еңбек ету керек. Міне, осы қагиданы берік ұстанған актрисалардың бірі ретінде жерлесіміз, «Казак КСР-нің еңбек сіңірген артисі» Жанат Аңсабайқызы Чайкинаны атай аламыз.

ӘМІРДЕРЕК

Чайкина Жанат Аңсабайқызы Павлодар облысының Ертіс ауданы орталығында туған.

Ы.Алтынсарин атындағы көзіркі гимназия-интернатында оқыды. 1971 жылы Құрманғазы атындағы Қазак консерваториясының актерлік факультетіне, Қазақстанның Халық артисі Ш.Жандарбековының курсына кабылданады. 1975 жылы Талдыкорған қаласында шаңырак көтерген облыстық казак драма театрында еңбек жолын бастайды. Ол Мәдениет министрлігі, облыстық, қалалық мәслихаттардың мактау грамоталарымен марапатталған, үздік актер атальмының иегері, көптеген байқаулардың, фестивальдердің лауреаты. 1991 жылы Үкіметіміздің қаулысымен «Қазак КСР-нің еңбек сіңірген артисі» жоғары атағын алды.

1996 жылы Ж.Чайкина Павлодар облыстық Ж.Аймауытов атындағы музикалық драма театрына шакырылып, М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» спектакліндегі Шолпан рөлімен жерлестерімен алғаш рет қауышты. 1998 жылы А.П.Чехов атындағы орыс драма театрында Ф.Шиллердің «Мария Стюарт» спектаклінде Мария Стюарттың образын сәтті орындалап, корермендерді қуанышка бөледі.

2008 жылдан бастап Астанадағы Қ.Куанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық казак музикалық драма театрында еңбек етеді.

МАРИЯ СТЮАРТ

Жанат Чайкинаның ата жұрты мен нағашы жұрты шыккан Баянауыл – казак халқына 16 академик берген күтті жер. Жанаттың әкесі Аңсабай, атасы Шайқы, ата-тегі совет дәуірінде Чайкина болып жазылып кетіпті. Павлодардың А.П.Чехов атындағы облыстық драма театрында Ф.Шиллердің «Мария Стюарт» атты өлеңмен жазылған уытты трагедиясында басты рөлді Жанат Чайкина ойнағанда, корермен қауым онын үлтү казак екенін анғармаган екен. Билік пен такқа талас, діни алауыздық – жер бетіндегі классикалық сценарий, шіркіп, әсте бір бұлжымайды-ау, адам зат наслі оны мен солын таңғалы конелен жалғасып

келе жатыр. Шотландия мен Францияның патшайымы және Англияның тағына үміткер Мария Стюарт 1587 жылды 8 акпан күні Фотерингей қамалында жазаланды. Ағылшын королевасы I Елизаветаға карсы католиктердің бұлғане катасты деген айыппен оның басын кескен. Орыс театрының директоры әрі көркемдік жетекшісі Виктор Валентинович Аввакумовка Жанат бірде 2-3 ай ролсіз жүргенін айтты. Азаматтығы әрі талантты бағалағаны ғой, В.Аввакумов Жанатты жатсынбай, өз ордасына шакырып, бас рөлді еншілең берді. Жанат ролін бірден жатта алғанда, режиссер Д.Т.Свидерский оте риза болды. Куанышты сөтін актриса: «Колыма рөлді ала сала жұмыска жұлқына кірестім», – дейді. Мария Стюарт бейнесі Жанат Чайкинаның абырайын әбден асырды. Бір өкініштің, бұл койылым таспаға жазылмаған.

I Елизавета баскарған дәуірде британ елінде драмалық өнер мықтап дамыды, 1582 жылы Королева труппасы құрылды, оның құрамында Уильям Шекспир болды. Мария Стюарттың бакталас саяси карсыласы, туысы Элизавета патшайымды белгілі актриса Нина Матвеевна Запруднева ойнады. Жанат намыска тырысып, сыншыл сырт көзге: «Мына казак актрисасын неғып алдындар?!» – дегізбеу үшін жаңын салды. Орыс тілі мұлтікесіз. Премьерадан соң сұхбат алуға келген орыс журналист: «Откуда у вас петербуржский акцент?» – деп таң калды. Ажал аузында бекзат калын сактаған Мария Стюарт бейнесін нанымды беру үшін ол кітапханадан шыкпай, тарихи тұлғаны жан-жакты зерттеп білуге күш салды. Үкім орындалып, жендет айбалтасы желкеден тигенде 44 жасар королеваның парижі үшін кетеді, шашы ағарып кетіпті. Шотланд патшайымы жаңғырыққа басын коярда үстінен кымбат койлек кийн шығады, таспиық тартады, мойнында крест, буыны босамау үшін шарап сұрап ішеді. Діні католик, протестанттықка карсы. Текті патшайым аксүйек кейпіне дак түсірмей, дұшпан алдында жасып, жыламауға бекінді. Кешірім сұрап, Елизаветаның



аяғына жығылса, өлімге кесілуден құтылар еді. Қанды жазаға жылған жұрт көзімен көріп, құлағымен естіді, ажалға көнген актық мезетінде құрбан әйел жендеттерін кешірді. Рухы биік Мария Стюарттың бейнесі өлгеннен соң әдебиет пен музыкаға көшті, оның килы-қиямет тағдыр жолының бұралаң-қалтарысы талай классикті толғандырды. Шиллердің «Мария Стюарт» атты трагедиясын орыс тіліне Борис Пастернак өлеңмен аударған, спектакль сахнада екі жыл жүрді. Осы күрделі образдан соң Жанат Аңсабайқызы енді өзіне бірде-бір рөл қын болмайды деп ойлаған. Бірақ ол қатты қателескенін антикалық Медеяның рөлін бергенде ұғып, жаны қоса қиналды.

Жанат Чайкина орта мектепте ұлтшыл ақын Арман Қанимен бірге оқыды. «Мен орысшалау-

мын ғой. Казак класында оқығаныммен, «Фонари», «Венок Дуная» деп орысша ән айтып жүретін едім. Комсомол ұйымының хатшысымын. Ол болса мектепте оқып жүріп, ұлт мұддесін корғайтын астыртын ұйым құрып жүр. 9-класта оны мектептен шығарып жіберді. Арманды үш әріптің кісілері ұстаған. «Павлодарда неге казак мектебі жок, балабакша, дүкендердің атауы неліктен казак тілінде емес? Неге бәрі тек орыс тілінде?!» – деп жасөспірім Арман үкіметтен талап еткен. Комсомолдан шығаруға оны мен апара жатырмын. Үн жок. Арманға: «Сен сөйле», – деді. Ол болса қаская карап, «Я не буду говорить на русском языке. Міне, оқындар!», – деп комиссияға карсы дәптерді лактырды. Ақталғаннан соң Арман ақын атак-абырой алды, әрине. Желтоксан оқиғасында Павлодар трактор зауытының ұлтшыл жігіттерін де көтерген ғой. Қазір Павлодар облысында әдеби-мәдени өмір біздің Армансыз өтпейді. Ол 15 жасар бала кезінен күрескер болып тұр ғой!».

Алаштың айтуды ақыны Арман Қани кейінірек Жанатқа жыр арнады:

*«Жұрт козінше бір ғұмырды жаратқан,
Өнерпазды ұлы десем, теріс не?
Сахнада жалғыздық пен Жанаттан
Жаратылды жұмақтағы періште!
Неге дұлы дүниеден беziнди,
Оны ұғынған Шекспирді түсінбек.
Ұлы шебер созбен сомдар сезімді.
Шығарды ол жан-тәнімен мүсінден!
Сан заманың зерлі сырғын ол жалғыз,
Үлестірмек екі бірдей гасырга!
Ұлы Абайга арман болған Тоғжан қызы,
Жанат болып тұганыңды жасырма!
Жаным, Жанат, түспеші енді азапқа,
Бір Медея жетер грек елі үшін!..»*

Ол жеті жасынан ән салып, өскенде әнші болуды арманады. Жанаттың әкесі Аңсабай Шайкыұлы Павлодар өнірінде беделді адам еді. «Актриса құнделігінен» атты өмірбаяндық кітабында Жанат

Чайкина Ертіс жағасында, сұға балыктай жүзіп, романтик жазушы Александр Грин хикаясындағы кейіпкер Ассоль сиякты киялдан өскенін жазды. Өмірде не болмайды. Үш қызы, бір ұлдан соң туған нәресте Жанатты бауырына салып алғысы келіп, кілең ұл туда берген бір таныс әйел перзентханада аны Макпузага «Кел, екеуіміз ешкімге сездірмей, бала ауыстырайык!», – деп жалыныпты. Жанат атынан: «Менен кейін анам екі бауырымды дүниеге әкелді! Қызын айырбастамағаны үшін Алладан сый алғандай», деуі - түбірімен дұрыс пайым. Жанат үш жасқа толмай, кайратты әке аяқ астынан ауырып, 44 жасында катерлі ісік дертінен көз жұмды. Анасы Макпуз 32 жаста алты баламен жесір калды. Өмір өз дегенін істепей коймайды, каймана жұрт сырттан тон пішкенге көнбейді. Араға 9 жыл салып, аны өзін ерекше сүйіп, қадірлекен еразамат, математика мен физика пәнінің мұғалімі Малай Бакаевичке тұрмыска шыкты. Ол кісі әменгерлік салтка мойынсұнып, жесір женгесіне үйленген екен, отбасын, бір баласын калдырып, 45 жасында өз бакытын таңдады, кейінгі отбасымен 31 жыл тату-тәтті тірлік кешті. Келген бетте ол: «Сендердің әкелерің болған, мені ағатай десендер де болады», – деп, алты баланы мәпелеп осірді.

Өнерге құштарлықты карғадай қызына аны Макпузадарытты, жетіжасынан Павлодарғамектеп-интернатка окуға берді. Түрлі өнер байқауларына белсенді катысатын үріп ауызға салғандай әдемі, кішкентай Жанатты Беларуссияның Клинцы каласының дәмі тартты, Артекте демалды, Москванды көрді, өнер бағына тарткан баспалдактар ақырындаң осылай басталған. Өмір жолы киюласа келе, театр әлеміне әкелді, әншілікке қызықкан абитуриент қыздың бойынан артистік үшкінды андаң, бұлак көзін ашқан алғашкы ұстаз Рабиға Мұқайқызы Қаныбаева болып шыкты. Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясының актерлік факультетіндегі ұстаздар курамында осал тулаға кездесіпейтін. Жанат

Шолпан Жандарбекованың курсына кабылданды. Ол диплом алған жылы Талдыкорғанда театр ашылды. Бүкіл курсты жаңа театрға жіберді.

1975 жылы 4 караңада жас театр алғашкы шымылдығын Әбіт Мұсіреповтің «Козы Қорпеш-Баян Сұлу» атты драмасымен ашты. Дипломдық спектакльде 21 жасар Жанат ұстазы Шолпан Жандарбековамен бірге кайғыға баткан көс ананы ойнап жүріп, көз жасын көлдетіп, «Апама карасам, дауысы сондай зарлы, ал көзінен жас көрінбейтін сиякты. Эр спектакльде таусыла жыласа актрисаның несі калады? Сен жылама, көрерменді жылат» деген сөз осыдан шықкан болар?» – деп ойладап, техника деген осы екен ғой деп түйген.

Театр – төтенше жағдайларды әсте болжамайтын сұлұлық мекені. Жанат соңғы дайындық кезінде баскыштан құлап, мишишайкалған деген диагнозбен емханаға түскен күннің ертеңінде В.Ежовтың «Бұлбұлдар түні» атты лирикалық драмасының премьерасы өтпекші болатын. Укол кабылдаған соң ол дәрігерге колхат калдырып, құстай ұшып, театрға келді. Жанатты көрғендеге театр басшылары куаныштан төбелері көкке жете жаздады, ол Инга ролін жоғары деңгейде алып шыкты. Майдайында ісік, сахнаға лейкопластирь жапсырып шыкты, бір тәуірі, окиға соғыстың соңғы мезгілінде отеді.

Талдыкорған театрында Жанат Чайкина «Арманым - Әселім», «Күшік күйесу», «Каракөз», «Тұңғыш ұл» сиякты спектакльдері арқылы Алматы көрермендерімен кауышып, 1-дәрежелі дипломмен марапатталды. 1998 жылы Тараз каласында откен Республикалық театрлар фестивалінде Акселеу Сейдімбектің «Күзеуде» атты әнгімессінің желісімен Болат Ұзаков инсценировкасын жазған пьесада «Ең үздік әйел рөлі» аталағының бүйірді.

Әзіrbайжан Мәмбетов Жанатты «Жаушы» фильміне, Сәния рөліне шакырған. Жанат екінші балаға аяғы ауыр болған соң, кинодағы ролден өкінбей бас тартты! 1984 жылы Толен Әбдіковтің «Өтелмеген нарыз» атты повесінің желісімен түсірген фильмге Жанат Чайкина Әнуар Молдабековтың сценарийінде ойнап шыкты.

ков және Досхан Жолжаксыновпен қатар тұсті. Роза Караеваға берген сұхбатында фильмнің режиссері С.Жармұхамедов Жанатты рөлге «Көзінде бір мұн бар, Чайкинада іш бар, жәбірленушілік бар, бет жыртысу сиякты үлкен қылыктарға бара коймайды», – деп таңдапты.

Жанат Чайкина 1990 жылы желтоқсан оқиғасы туралы «Қызығыш құс» атты Талғат Теменовтің фильмінде Нонна Мордюковамен бірге ойнап, касында қатар жүрді, атағы жер жарған актрисаның егделікке қадам басқан шағында басынан өткен килы жазмышы туралы бір күліп, бір жылап айтқан сырларын естіді. «Қызығыш құс» фильмі түсіріліп болып, дыбысын жазуға жіберу үшін аэропортқа, одан әрі Москваға жеткізілмекші еді, ен соңғы диск салынған сэтте, Казакфильм ауласында газель өртеніп кетті. Бұл алапат мезетті Жанат Чайкина қөзімен көрді: «Талғат басын ұстан, жерге отыра кетті, жыларман күйде. Режиссеріміз әлі монтаждалмаған жұмыс материалдары сакталғанын, қайта жасайтынын айтып, есімізді орнына келтірген сиякты. Ол өрттің мәнісін бәріміз де іштей түсінгендейміз, себебі Талғат алғашкы болып КГБ-да сакталған деректі кинохрониканы айтып жеткізе алмас киындықтармен алдыртып, көркемфильмге косқан болатын. Көркемфильмді көпшілік көреді, біреулерге оның қөзін құрту керек болды».

Нонна Викторовнаның Жанатка бауыр басып калғаны сонша, Москваға келсөң, менің үйіме кел деп шақырды. 1991 жылы Жанат Чайкина «Қазак КСР-інің енбек сінірген артисі» атағын алғанда Нонна Мордюкова актілегін жаудырып, құттықтау телеграммасын жіберген.

МЕДЕЯ

Театрдың жазылмаған заңы бар, кейбір ролдер актер қауымы үшін катерлі. Энергетикасы тылсым, аurasы ауыр, эзотерикалық ролдерді ием-



денген артист атаулы бір қырсыққа тұтылмай қалмайды, саңнадағы стихия шенберден шығып, селге айналып, параллель шиырылып қосыла дамиды, жеке басқа беймаза күй, әлдебір күтпеген қасірет ілестіріп алғып келеді. Павлодар облыстық Ж.Аймауытов атындағы қазақ музикалы драма театрында Ерсайын Тапенов қойған «Медея» трагедиясында Жанатқа бұйырған басты рөл турға сондай болып шықты. Жанат Аңсабайқызы туған жеріне белгілі актриса, үш қыздың анасы, екі жиенді болып оралған. Медеяның басынан кешкен азабы, жан қиналысы актрисаның жеке өміріне еніп алғандай, саңнадағы тағдырдың бір ұшығы отбасына берілді. Өзгенің жасыл бағы жайқалған несібесін көре алмай қызығатын, мүмкін болса, ұрлап алуға ентелейтін озбыр әйел затынан дәстүрлі отбасына катер мол. Мұның сырын психология ғылымы арнағы зерттемегенмен, әлем әдебиеті мейлінше суреттеуден танбайды.

Студент кезде Жанат, өзге қыздар киноға кетсе, Пушкин кітапханасынан шықпай, қазақ, орыс, шетел классиктерін сүйіп оқыды. Ол әрбір күрделі рөлге бекіген сайын молырак ізденуге дағды алды. Медея рөлі үшін Н.Кун, А.Белецкий, Головня, Гадциг, Каллистов сияқты антикалық дүние мен мифологияны зерттеуші авторлар және театр журнал-

дарын оқып тауысты. Уақыт, тарих, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, киім мәдениеті, кесек рөлге не керек, соның бәрін назарынан құр жібермеді.

Еврипидтің «Медея» атты трагедиясы үшін 2004 жылы Қостанай қаласында өткен Республикалық театрлар фестивалінде «Ең үздік әйел рөлі» атауын Жанат Чайкина иеленді. Екінші мэрте! Қазақ тіліне ақын Қайрат Жұмағалиев аударған. Еркеғали Рахмадиев, Фариза Онғарсынова, Әшірбек Сығаев тәрізді өнер иелері оттай жанып, жанын салатын Жанаттың ойынына ерекше тәнті болды. Бұрынырақ қазақ театрының кеменгері Әзіrbайжан Мәмбетов Шекспирдің «Король Лир» атты трагедиясында Чайкина екі рөлді – Корделия мен Сайқымазакты қат-қабат алып шыққаны үшін



ерекше ризашылығын білдірген.

«Твой звездный час Корделия – Медея!

Стюарт Мария и частица шутовства.

Во всем, что делаешь, душой и телом молодея,

Есть Божий дар, во всем есть признак естества», –
деп Василий Кульбачко өлең жазды.

«Өнер кұрбандық тілейді» десе, бұл аксиома екен. Ұлы өнер жолы аңсарлы бакытты ысырып тастайтын құпияға әсте кенде емес... Жанат Аңсабайқызының 41 жылдық сахналық өмірінде түйгені, артық әңгіме, өсек-аян, қызыл көз қызғаныш – бәрі түбі бекерге шығарын тек адал еңбегімен дәлелдей аласын. Шын таланттардың 70%-і жалғыз, өз әлемінде ғана өмір сүреді екен... Рухы күштілер мылтықсыз майданнан аман-есен шығады, бар байлығым - балаларым, үрпағым деп өмір сүреді.

Жанат Аңсабайқызы бүгінде қыздарын ұзатып, күйеу балаларына қоңілі толып, жиендерін қызықтап отырған саликалы апа болды, дегенмен сахнада жас әйелдердің рөлін алғып шыға беретін әдемілікті құдай оған берген.

Жанат Чайкина - репертуары аса бай актриса. Ол Павлодар облыстық Ж.Аймауытов атындағы казак музыкалы драма театрындағы поэзиялық-музыкалық кештерде романстардың орындаушысы ретінде де танылды. Драма жанрында топ жарған классиктерден кейінгі авторлардың көшкеруенінде 70-ке тарта тағдырлы рөлдерді сахнаға алғып шықкан. Бұл тізім тым комакты: Еврипид, Шекспир, К.Гольдони, Ф.Шиллер, А.Чехов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Н.Хикмет, Ғ.Мұсірепов, Ш.Айтматов, А.Цагарели, Ж.Шевре, С.Жұнісов, Т.Ахтанов, Р.Сейсенбаев, Д.Исабеков, Қ.Ыскаков, О.Сорсенбек, М.Байджиев, Т.Есімжанов, А.Вампилов, А.Бек, О.Бодыков, Б.Васильев, М.Байсеркенов, Б.Калчабаева.

Кенже қызы 2006 жылы окуға түсіп, Павлодарға анасына келгіштей берген Ақиұры үшін Елордаға коныс аударған. Ол Қ.Куанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық музыкалық казак дра-

ма театрында «АЛЖИР азасы» – Фалия, «Үйлену» -Дерек, «Гамарджоба» – Ханума, «Махаббат мелодрамасы» – Нұржамал, «Ізгілік формуласы» – Жанн, «Кыз Жібек» – Камка, «Тіл табыскандар» -Болдыхан сиякты рөлдерді сахнаға алып шықты.

2012 жылы режиссер Әлімбек Оразбеков койған Ж.Шевренің «Ізгілік формуласы» атты драмасындағы Жанн рөлі үшін актриса Костанай республикалық театрлар фестивалінде төртінші мәрте «Ен үздік әйел рөлі» атауын иеленді. Премьерасы 2016 жылы көктем ауа өткен А.Айларовтың «Сүрінген сүрбойдак» атты комедиясында ол Дзерасса сиякты жаны нәзік, мейірбан, бакытка жаралған, ар-ұяты бетінде тұратын ибалы жанды ойнады. Патшайым және сезімге өртеніп, айналасын күл кылып кететін рухы күшті әйел затын аласартпай алып шығуға тұғыры берік Жанат Чайкинаның нағыз амплуасы жұмсак, нәзік, үлбіреген көрікті жаратылысы, тек сүюге бек лайық көркем жандар деп ойлауға әбден болады.

